



№7 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 13,50% деңгейінде сақтау туралы

2022 жыл, 9 наурыз

Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті базалық мөлшерлемені +/- **1,00** п.т. пайыздық дәлізімен жылдық **13,50%** деңгейінде белгілеу туралы шешім қабылдады. Тиісінше өтімділікті ұсыну жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме 14,50%, ал өтімділікті алу жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме 12,50% болады.

Мөлшерлемені өзгеріссіз қалдыру туралы шешім оның ағымдағы деңгейі Ұлттық Банктің геосаяси тәуекелдерді және инфляциялық процестердің жеделдеу тәуекелін арттыруға ықпал ететініне орай негізделді. Бұл ретте сыртқы және ішкі макроэкономикалық ахуал бұдан былай да нашарлаған жағдайда монетарлық талаптарды одан әрі күшейту үшін кеңістік қалады. Ұлттық Банк макроэкономикалық жағдайдың және Қазақстан қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын қабылдауды жалғастырады.

Инфляцияның барлық құрамдас бөліктері бойынша бағалардың өсуі аясында **2022 жылғы ақпанда жылдық инфляция 8,7%-ға дейін** (2022 жылғы қаңтарда – 8,5%) **көтерілді**.

Азық-түлік тауарларының бағасы нан-тоқаш өнімдері мен жарма, көкөністердің қымбаттауына байланысты **10%-ға** (осы жылғы қаңтардағы 9,9%-дан) көтерілді. Азық-түлікке жатпайтын инфляция **8,6%-ға** дейін (8,5%) ұлғайды. Тұрмыстық техника, жиһаз бен тұрмыста қолданылатын тауарлар бағасының жоғары өсімі сақталып отыр. Бензин мен дизель отыны бағаларын уақытша реттеу жағдайында жанар-жағармай (ЖЖМ) нарығында дезинфляция байқалады. Алайда ЖЖМ бағасының өсуі жылдық көрсетуде әлі де болса жоғары мәндерде (22,1%) сақталып қалды.

Ақылы қызмет көрсету 2021 жылғы ақпанмен салыстырғанда биылғы ақпанда **7,1%-ға** (6,8%) қымбаттады, ол жекелеген нарықтық қызметке бағаның өсуіне байланысты болды. Тұрғын үйді жалдау құнының жылдық өсімі 20,7% болды. Сонымен қатар баға өсуіне жарияланған мораторий аясында газдың бағасы 5,4%-ға дейін (2021 жылғы желтоқсанда – 12,9%) баяулағаны байқалады.

Сыртқы сектор белгісіздіктің өте жоғары деңгейімен сипатталады. Жаһандық экономика геосаяси тәуекелдердің қысымына ұшырап отыр. Осыған байланысты биыл және келесі жылы әлемдік экономика бұрын болжанғаннан барынша төмен қарқынмен өседі деп күтіледі.

Сыртқы нарықтардағы жағдай баға өсуімен сипатталады. Энергия тасымалының, металл мен ауылшаруашылық өнімдерінің бағасы күрт өсуіне байланысты жаһандық инфляцияның бұрын болжанғаннан жоғары мәндерде ұзақ уақытқа қалу ықтималы жоғары.

2014 жылдан бастап **Brent сұрыпты мұнай бағасы** алғаш рет барреліне **100 АҚШ долларынан** асты. Геосаяси шиеленістің күшеюіне байланысты Ресейден мұнай жеткізудегі

іркiлiс тәуекелiнен жоғары баға қолдау тауып отыр. Сонымен бiрге, жоғары сұраныс пен 2022 жылғы қаңтардағы нақты өндiрiс рұқсат етiлген квоталардан төмен болған ОПЕК+ елдерiнiң мұнайды барынша аз өндiруi аясында әлемдiк мұнай қорларының төмендеуi байқалады. Әлемдегi бүгiнгiдей жоғары белгiсiздiкке қарамастан, жалпы алғанда, әлемдiк мұнай нарығының бұдан былайғы даму перспективасы позитивтi болып қалып отыр.

Биылғы ақпанда **ФАО азық-түлiк бағасының** индекci өсiмдiк майы, сүт өнiмдерi, астық және ет бағаларының айтарлықтай өсуi аясында тарихи рекордтық деңгейге жеттi. Ресей-Украина қақтығысы әлемдiк нарықта бидайдың тапшылығына әкелiп соғады деген қауiп-қатерге байланысты бидай құны 14 жылдық ең жоғары көрсеткiштi жаңартты.

Сауда әрiптес елдерiндегi күрт өзгерiп жатқан геосаяси және сыртқы экономикалық жағдай мен бұрын-соңды болмаған белгiсiздiк деңгейi болжамдарды толыққанды дайындау мүмкiндiктерiн едәуiр қиындатып отыр. Осыған байланысты Ұлттық Банктiң болжамдары сараптамалық бағалаумен толықтырылды және негiзгi макроэкономикалық көрсеткiштердiң ықтимал бағытын сапалы бағалау үшiн қалыптастырылды.

Ұлттық Банктiң бағалауы бойынша, инфляция алдыңғы болжамдардан жоғары болып қалыптасатын болады. Инфляцияның барынша жоғары серпiнiнiң негiзгi себебi азық-түлiкке жатпайтын тауарларды тұтынудағы импорттың жоғары үлесiне байланысты теңгенiң айырбастау бағамының әлсiреуiн iшкi бағаларға ауыстыру болып табылады. Сондай-ақ азық-түлiк пен энергия ресурстары бағасының өсуiне байланысты, бiрiншi кезекте, Ресейдегi инфляцияның күтелетiн жеделдеуi және әлемдегi инфляциялық қысымның жоғарылауы аясында сыртқы инфляция аясы күшейедi деген болжам бар. Осылайша, 2022 жылдың қорытындысы бойынша нысаналы бағдардан асып кету тәуекелi айтарлықтай өстi.

Геосаяси дағдарысқа байланысты Қазақстан экономикасы өсуiнiң бұрын болжанғаннан да төмен бағыты күтiлуде. Экономиканың өсу қарқынына шикiзат тауарларына жоғары бағалар, бюджет шығыстарының әлеуеттi өсуi, сондай-ақ эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы ықпал етедi.

Базалық мөлшерлеме бойынша бұдан былайғы шешiмдер инфляция серпiнiне және инфляциялық күтулерге, геосаяси жағдайдың дамуына және оған қаржы нарықтарының ықпал етуiне байланысты болады. Ұлттық Банк инфляцияны нысаналы мәндерге қайтару үшiн барлық қажеттi шараларды қабылдауды жалғастырады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкiнiң Ақша-кредит саясаты жөнiндегi комитетiнiң базалық мөлшерлеме бойынша кезектi жоспарлы шешiмi 2022 жылы 25 сәуiрде Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 15:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкiлдерi мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 775 210

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz